Ақтөбе облысы су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: «ластанудың орташа деңгейіндегі» су – Қарғалы, Үлкен Қобда, Ор, Темір өзендері, Шалқар көлі; «ластанудың жоғары деңгейіндегі» су – Елек, Ақтасты, Ырғыз, Қара Қобда, Ойыл, Қосестек, Ембі өзендері;

2017 жылғы сәуірмен салыстырғанда Қарғалы өзенінде жақсарған; Қосестек, Ақтасты, Ойыл, Қара Қобда, Ырғыз, Ембі өзендерінде нашарлаған; Елек, Үлкен Қобда, Ор, Темір өзендері, Шалқар көлінде айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегіні 5 тәулікте биохимиялық тұтыну (ОБТ₅) шамасы бойынша су сапасы Ембі, Темір, Ырғыз өзендерінде «ластанудың орташа деңгейінде», ал қалған су нысандарында «нормативті таза» деп бағаланады.

2017 жылғы сәуірмен салыстырғанда ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы: Қарғалы, Қосестек, Ақтасты, Ойыл, Үлкен Қобда, Қара Қобда өзендерінде және Шалқар көлінде жақсарған; Темір өзенінде ластанған; Елек, Ор, Ырғыз, Ембі өзендерінде айтарлықтай өзгермеген.

Ақтөбе облысы аумағындағы Елек өзенінде 11 ЖЛ жағдайы тіркелді (5-кесте).

2.5 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Уіл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,28 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.2-сур.). Барлық станцияларда бестуәліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-1,4 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,0 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.2-сурет. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігін е 4 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Амангелді к-сі, Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігін е 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабулақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречка к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к-сі, 548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
28			аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	

Бекет нөмірі	Сынам а мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі, 14	
30			«Шаңырақ» ш-а, №26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
2			Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы	
3			Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы	
4			№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы	
5			«Халық арена» мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы	
6			Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы	



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, қаланың жалпы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ=46% (жоғары деңгей), СИ=4 (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксидімен №3-бекет аумағында анықталды (Алатау ауданы) (1, 2-сурет).

*БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.

Күкірт диоксидінің орташа айлық шоғырлары– 2,06 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,3 ШЖШ_{о.т.} құрады, ауыр металдардың шамасы және басқа ластанушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік күкірт диоксидінің шоғырлары–3,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері– 2,9 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді–1,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектері (шаң) – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, формальдегид – 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауада жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

3.2Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.2-кесте).

3.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкірттісутек,аммиак, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 32	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азотоксиді,күкірттісутегі,аммиак



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (3.2-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=4 күкіртті сутек және ЕЖҚ=0% күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында (Қонаев к., 32) анықталды.

Орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксиді максималды-бірлік шоғырлары – 1,0 ШЖШ_{от.}, күкіртті сутегі – 3,8 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

3.3 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 21 су нысанында (Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Баянкөл, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендері, Күрті, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары) жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шілік, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Үржар, Егінсу өзендері, Алакөл көліне құйылады.

Іле өзенінде судың температурасы 8,7-16,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,01, судағы еріген оттектің концентрациясы – 11,0 мг/дм³, ОБТ5 – 1,08 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)–1,3 ШЖШ) және биогенді заттар (жалпы темір– 2,9 ШЖШ, нитритті азот – 2,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Текес өзенінде судың температурасы 4,8-6,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,21, судағы еріген оттегінің шоғыры -12,6мг/дм³, ОБТ5 -1,16 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,8 ШЖШ, марганец (2+)– 2,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,0 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қорғас өзенінде судың температурасы 4,0-17,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,05, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,7 мг/дм³, ОБТ5 – 1,13 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+)– 1,6 ШЖШ, мыс (2+)– 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қапшағай су қоймасында судың температурасы 10,3-11,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,14, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,40 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) –1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шарын өзенінде судың температурасы 6,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,19, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,6 мг/дм³, ОБТ5 1,00 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шілік өзенінде судың температурасы 10,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,9 мг/дм³, ОБТ5 – 0,90 мг/дм³. ШЖШ-дан асу жағдайлары анықталмады.

Баянкөл өзенінде су температурасы 3,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,96, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,9 мг/дм³, ОБТ5 1,2 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –2,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Күрті су қоймасында судың температурасы 8,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,84, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,8 мг/дм³, ОБТ5 – 1,30 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 2,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –1,9 ШЖШ, фторидтер- 1,3 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Бартоғай су қоймасында судың температурасы 9,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,52 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –2,0 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Есік өзенінде судың температурасы 6,8 °С, сутегі көрсеткіші 8,11, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,5 мг/дм³, ОБТ5 – 1,30 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –4,1 ШЖШ, нитритті азот – 3,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаскелен өзенінде судың температурасы 7,4-9,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,1, судағы еріген оттегінің шоғыры – 12,2 мг/дм³, ОБТ5 – 1,25 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –5,3 ШЖШ, фторидтер- 1,1 ШЖШ, нитритті азот – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қарқара өзенінде судың температурасы 3,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,20, судағы еріген оттегінің шоғыры – 13,9 мг/дм³, ОБТ5 – 0,90 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,9 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –1,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Түрген өзенінде судың температурасы 7,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,82, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,6 мг/дм³, ОБТ5 – 1,00 мг/дм³. ШЖШ-дан асу шамасы анықталмады.

Талғар өзенінде судың температурасы 8,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,07, судағы еріген оттегінің шоғыры -11,6 мг/дм³, ОБТ5- 1,20 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 2,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Темірлік өзенінде судың температурасы 7,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,25, еріген оттегінің шоғыры -12,2 мг/дм³, ОБТ5 -1,50 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,1 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Ақсу өзенінде судың температурасы 9,9 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,19, судағы еріген оттегінің шоғыры -13,1 мг/дм³, ОБТ5 – 2,00 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –2,0 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Лепсі өзенінде судың температурасы 10,4-11,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,18, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,3 мг/дм³, ОБТ5 – 1,20 мг/дм³. Ауыр

металдар (мыс (2+) – 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –2,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаратал өзенінде судың температурасы 8,4-10,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,12, судағы еріген оттектің концентрациясы 12,2 мг/дм³, ОБТ5 1,00 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс(2+) –1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір– 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Кіші Алматы өзенінде судың температурасы 4,9-8,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,12, еріген оттегінің шоғыры – 12,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,63 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,3 ШЖШ) және биогенді заттар (нитритті азот- 5,4 ШЖШ, жалпы темір – 2,7 ШЖШ, фторидтер- 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үлкен Алматы өзенінде судың температурасы 5,7-10,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,19, еріген оттегінің шоғыры –11,9 мг/дм³, ОБТ5 – 0,87 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 3,6 ШЖШ, нитритті азот- 4,9 ШЖШ, фторидтер– 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 2,8 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Есентай өзенінде судың температурасы 5,6-6,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,13, еріген оттегінің шоғыры – 12,6 мг/дм³, ОБТ5 – 1,05 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 2,9 ШЖШ, нитритті азот- 8,4 ШЖШ, нитратті азот- 1,4 ШЖШ, тұзды аммоний - 2,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)– 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейі»*- Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Шарын, Баянкөл, Талғар Қаскелен, Қарқара, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендері, Күрті, Қапшағай, Бартоғай су қоймалары; *«ластанудың жоғары деңгейі»*- Үлкен Алматы, Есік өзендері; *«нормативті таза»* - Шілік, Түрген өзендері.

2017 жылғы сәуірмен салыстырғанда су сапасы Іле, Қаскелен, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шарын, Баянкөл, Талғар, Қарқара, Темірлік өзендері, Күрті, Қапшағай, Бартоғай су қоймаларында – айтарлықтай өзгермеген; Шілік, Текес, Қорғас, Түрген өзендерінде – жақсарған; Есік өзенінде – нашарлаған (4-кесте).

3.4 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 8 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) бақылау жүргізілді (3.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13-0,20 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,17 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

3.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.3-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-1,9Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.3-сурет. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

4 Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі

4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі,
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	фенолдар, аммиак, формальдегид

6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
8			Әуезов даңғылының ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак
9			Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.1-сурет. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (4.1-сур.) деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, СИ=93 №6-бекет аумағында (Атырау филиалының жанында, ескі әуежай) күкіртті сутегімен, ЕЖҚ=13% №1-бекет аумағында (Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы) қалқыма бөлшектерімен (шаң) анықталды.

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреуі бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

*2018 жылғы 1, 2, 3, 4, 9, 10 сәуірдегі №6 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша атмосфералық ауада күкіртті сутегінің (10,0 –38,0 ШЖШ_{м.б}) 28 жоғары ластану (ЖЛ) және (54,1 –92,5 ШЖШ_{м.б}) 2 экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайы анықталды (2-кесте).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғырлары 1,3 ШЖШ_{о.т.}, PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, PM-10 қалқыма бөлшектерінің – 1,0

ШЖШ_{о.т.}, азот диоксидінің - 2,0 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектерінің – 4,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксидінің – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, озонның (жербеті) – 4,4 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегінің – 92,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).

4.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Құлсары метеостансасының маңында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.2-сурет. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі көтеріңкі деңгейде болды (4.2-сур.), СИ мәні бойынша 4, ЕЖҚ=0% күкіртті сутегімен анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары 2,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа лаптаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Озонның (жербеті) максималды-бірлік шоғырлары 3,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа лаптаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

4.3 Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 4 су нысанында, Жайық, Шаронова, Қиғаш, Ембі өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Ембі өзені Мұғалжар тауларының батыс беткейінен бастау алып, Ақтөбе және Атырау облыстары аумағы арқылы ағып өтіп, теңіз маңы тұзды батпақтары арасына сіңіп кетеді, бірақ, мол сулы жылдары Каспий теңізіне жетеді.

Жайық өзенінде су температурасы 2,9°C, сутегі көрсеткіші – 8,1, судағы еріген оттегі шамасы – 10,1 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,2 мг/дм³ құраған. Басты иондар (сульфаттар – 1,1) және ауыр металдар (марганец (2+)-1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Шаронова өзенінде су температурасы – 5,7°C, сутегі көрсеткіші – 8,29, судағы еріген оттегі шамасы – 9,6 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,40 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+) – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қиғаш өзенінде су температурасы 4,8°C, сутегі көрсеткіші – 8,25, судағы еріген оттегі шамасы – 9,90 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,80 мг/дм³. ШЖШ-дан асу жағдайлары тіркелген жоқ.

Ембі өзенінде су температурасы 2,7°C, сутегі көрсеткіші – 7,1, судағы еріген оттегі шамасы – 9,90 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,10 мг/дм³ құраған. Ауыр металдар (марганец (2+) – 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қиғаш өзенінде су сапасы «*нормативті таза*», Жайық, Шаронова, Ембі өзендерінде «*ластанудың орташа деңгейі*» деп бағаланады.

2017 жылғы сәуірмен салыстырғанда Жайық, Шаронова, Ембі өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген; Қиғаш өзенінде жақсарған.

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуы (ОБТ₅) мәні бойынша Жайық, Қиғаш, Ембі, Шаронова өзендерінің су сапасы «*нормативті таза*» деп бағаланады.

2017 жылғы сәуірмен салыстырғанда ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы Жайық, Шаронова, Қиғаш, Ембі өзендерінде жақсарған.

Оттегі режимі бір қалыпты (4-кесте).

4.4 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияда (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты бекетте (№7 ЛББ) жүргізілді (4.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,17мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

4.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.3-сур.). Станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,6 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.3-сурет. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

5.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,күкіртті сутегі, фенол,фторлы сутек,хлор, хлоры сутек,формальдегид, күкірт қышқылы,күшәнның анықталмаған қосындысы, бенз(а)пирен,гамма-фон. №1,5,7 ЛББ:бериллий,кадмий, мыс,қорғасын,мырыш
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Первооктябрьская көшесі, 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер-Коммунаркөшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Ворошилов көшесі, 79	



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.1-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану көтеріңкідеңгейі болып бағаланды, СИ=4 №3 бекет аумағында (Ворошилов көшесі, 79) күкірт диоксидімен, ЕЖҚ=3% №7 бекет аумағында (Первооктябрьская көшесі, 126) азот диоксидімен анықталды.

Күкірт диоксидінің орташа айлық шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, озон (жрбеті) – 2,0 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар мөлшері және ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары– 1,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектер бойынша 3,3 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 4,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

5.2 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол, формальдегид,күшән
6			Клинка көшесі, 7	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі,7	PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан



5.2-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері (5.2-сур.) бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0%(1, 2-сур.).

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары – 2,1 ШЖШ_{от} құрады, басқа ластанушы заттар мөлшері ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары ластанушы заттар мөлшері ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


5.3 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3-кесте).

5.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



5.3-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.3-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=3, ЕЖҚ=20%(1, 2-сур.) №4 бекет аумағында (343 квартал (балабақша ауданы) фенолмен анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары – 1,5 ШЖШ_{0.т.}, фенол – 2,3 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектерінің - 1,7 ШЖШ_{м.б.}, фенол– 3,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

5.4 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Ленин көшесі, 15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, күшән, гамма-фон
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



5.4-сурет. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.4-сур.) деректері бойынша кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану көтеріңкідеңгейі болып бағаланды, СИ=3(1,2-сур.) күкіртті сутегімен №2 бекет аумағында (Попович көшесі, 9 «А»), ЕЖҚ=12% анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары – 2,5 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары 1,5 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксидінің - 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегінің – 2,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


5.5 Зырянов қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



5.5-сурет. Зырянов қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.5-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.6 Шығыс Қазақстан обласы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел өзендері).

Қара Ертіс өзенінде су температурасы $1,4\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $12,2\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,48, судағы еріген оттегінің шоғыры $12,77\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $2,50\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (жалпы темір 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ертіс өзенінде су температурасы $0,2\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $2,5\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,87, судағы еріген оттегінің шоғыры $11,25\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $2,02\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 1,2 ШЖШ, жалпы темір 3,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 5,3 ШЖШ, марганец (2+) 1,5 ШЖШ, мырыш (2+) 2,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бұқтырма өзенінде су температурасы $1,5\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $1,8\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,85, судағы еріген оттегінің шоғыры $11,9\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $2,58\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 1,7 ШЖШ, жалпы темір 5,6 ШЖШ, тұзды аммоний 2,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 11,0 ШЖШ, мырыш (2+) 3,5 ШЖШ, марганец (2+) 4,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Брекса өзенінде су температурасы $1,2\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,55, судағы еріген оттегінің шоғыры $12,25\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,73\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 1,4 ШЖШ, жалпы темір 3,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 6,3 ШЖШ, марганец (2+) 6,3 ШЖШ, мырыш 9,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тихая өзенінде су температурасы $1,6\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $1,8\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,50, судағы еріген оттегінің шоғыры $12,00\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,26\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 1,8 ШЖШ, жалпы темір 2,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 8,2 ШЖШ, марганец (2+) 8,1 ШЖШ, мырыш (2+) 11,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Үлбі өзенінде су температурасы $1,4\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $1,8\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 7,47, судағы еріген оттегінің шоғыры $10,71\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,76\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (жалпы темір 3,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 8,1 ШЖШ, марганец (2+) 8,1 ШЖШ, мырыш (2+) 14,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Глубочанка өзенінде су температурасы $1,0\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $1,6\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 8,26, судағы еріген оттегінің шоғыры $12,37\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $1,29\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 2,2 ШЖШ, жалпы темір 3,0 ШЖШ, тұзды аммоний 1,9 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 10,4 ШЖШ, марганец (2+) 7,7 ШЖШ, мырыш (2+) 8,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Красноярка өзенінде су температурасы $0,8\text{ }^{\circ}\text{C}$ – $1,4\text{ }^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутегі көрсеткіші 8,23, судағы еріген оттегінің шоғыры $12,7\text{ мг/дм}^3$, ОБТ₅ $0,98\text{ мг/дм}^3$. Биогенді заттар (нитритті азот 1,4 ШЖШ, жалпы темір 2,8 ШЖШ, тұзды аммоний 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 6,9 ШЖШ, марганец (2+) 11,6 ШЖШ, мырыш (2+) 43,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Оба өзенінде су температурасы 0,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,79, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,86 мг/дм³, ОБТ₅ 2,16 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 1,8 ШЖШ, жалпы темір 6,0 ШЖШ, тұзды аммоний 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 9,8 ШЖШ, мырыш (2+) 1,2 ШЖШ, марганец (2+) 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Емел өзенінде су температурасы 0,9 °С – 4,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,31, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,19 мг/дм³, ОБТ₅ 1,11 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейі»* – Қара Ертіс, Ертіс, Емел өзендері; *«ластанудың жоғары деңгейі»* – Бұқтырма, Оба, Брекса, Тихая, Глубочанка, Үлбі өзендері; *«ластанудың өте жоғары деңгейі»* – Красноярка өзені.

2017 жылғы сәуірмен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Оба, Емел өзендерінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген, Бұқтырма, Красноярка өзендерінде төмендеген.

Облыс аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Брекса өзені (1 ЖЛ жағдайы), Тихая өзені (2 ЖЛ жағдайы), Үлбі өзені (3 ЖЛ жағдайы), Глубочанка өзені (2 ЖЛ жағдайы), Красноярка өзені (2 ЖЛ жағдайы) (5-кесте).

5.7 Шығыс Қазақстан обласы аумағындағы жер үсті суларының гидробиологиялық (уыттылық) көрсеткіштері бойынша сипаттамасы

Сәуір айында **Қара Ертіс** өз.беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар саны 93,3% құрады. Перифитон сынамасы бос болғандықтан сапробты индекс көрсеткішін анықтау мүмкін болмады. 2018 ж. сәуір айында Қара Ертіс өз. макрозообентос құрамынан Plecoptera, Ephemeroptera, Heteroptera, Vermes, Coleoptera, Arachniidae, Diptera larvae қауымдастықтарына жататын 9 таксон анықталды. Биотикалық индекс 7-ге тең, бұл сапаның II класы, су таза.

2018 ж. сәуір айында **Ертіс өз.** алынған су сынамасы тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ, алайда үш тұстамада дафниялардың өлуі тіркелді. «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» және «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)» тұстамаларында өлген тест-объектілер саны 10 және 6,7% сәйкес құрады. «Прапорщиково аул. шегінде» тұстамада өлген тест-объектілер 3,3% құрады. Қалған тұстамалардағы тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. 2018 жылдың сәуір айында Ертіс өз. III класына сәйкес, орташа ластанған сулар болды. «Өскемен СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 20 түрі анықталды. Анықталған балдырлардың басымы диатомды балдырлар саны -17, ал жасыл балдырлардан 2 түр және 1 көк-жасыл балдырлар анықталды. Сапробты индекс 1,79 тең. «0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 11 түрі кездеседі.. Сапробты индекс 1,73 тең. Ағыс бойымен төмен «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» тұстамада

сол жақ жағасынан алынған түрлер саны 9 тең. Оның 8 түрі диатомды және 1 түрі көк-жасыл балдырлар Сапробты индекс 1,81 тең. Осы тұстаманың оң жақ жағасынан алынған сынамада түрлер 7 ге азаюымен сипатталады. Барлығы да диатомды балдырлар. Ешбір түр басымдылық танытпады.. Сапробты индекс 1,93 тең, сапа III класқа сәйкес, орташа ластанған сулар. «Прапорщиково ауылы шегінде» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 9 түрі айқындалды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,78 тең. Су-орташа ластанған. Соңғы тұстамадан алынған сынамадан балдырлардың 6 түрі айқындалды, кездесуі дараланған болды. Сапробты индекс анықтау мүмкін болмады.

Сәуір айында «Өскемен СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамадағы макрозообентостың 5 түрі айқындалды, олар Trichoptera, Crustacea, Turbellaria, Diptera larvae дернәсілдері. Биотикалық индекс мәні 4-ке тең, сапа IV класына сәйкес, суы ластанған. «0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада Trichoptera, Turbellaria, Diptera larvae, Crustacea 10 түрі анықталды. Биотикалық индекс мәні 6-ға тең, сапа III класына сәйкес, суы орташа ластанған. «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» тұстамадағы су сынамасында макрозообентос құрамынан Plecoptera, Crustaceae, Diptera larvae таксондары айқындалды. Биотикалық көрсеткіш мәні 6 тең, сапа III класына сәйкес, суы орташа ластанған. «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)» тұстамада макрозообентос Plecoptera, Trichoptera, Vermes, Diptera larvae қауымдастықтарына жататын 7 таксон анықталған. Биотикалық индекс 8ге тең, су сапасының II класына сәйкес, суы таза. Прапорщиково ауылы шегінде орналасқан тұстама сынамасының су сапасы III класына сәйкес, суы орташа ластанған. Биотикалық көрсеткіш мәні 5-ке тең. Сынамада Crustacea, Turbellaria, Heteroptera, Coleoptera, Diptera larvae түрлері табылды. Предгорное ауылы шегінде Краснояр өзенінің 1 км төмен құйылысы сынамасының су сапасы макрозообентостың даму көрсеткіштері бойынша нашар болды. Биотикалық көрсеткіш мәні 4ке тең, су сапасының IV класына сәйкес, суы ластанған.

2018ж. сәуір айында **Бұқтырма өз.** алынған су сынамасын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. «Лесная Пристань ауыл.0,3 км жоғары» тұстамасында өлген дафниялар 3,3% құрады. Екінші тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ. Сәуір айында Бұқтырма өзенінің мезгілді су тасқынына байланысты екі тұстамадан да перифитон көрсеткіші бойынша су сынамаларын алу мүмкін болмады. Сәуір айында Бұқтырма өзені арнасынан тыс шығуына байланысты екі тұстамадан да макрозообентос көрсеткіші бойынша сынама алуға мүмкіндік болмады.

2018 жылдың сәуір айында **Брекса өзенінен** алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Шубин көз қайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 26,7% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Риддер қ.шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» орналасқан тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген тест-объектілер 60% құрады. Брекса өз. «шартты көрініс» тұстамадан сәуір айында алынған сынымасының барлық анықталған түрлері диатомдыға жатады. Сапробты индекс 1,42 тең. Судың сапасы II класқа сәйкес таза сулар. «Брекса өз. сағасынан 0,6 км

жоғары» тұстамада балдырлардың 1 түрі айқындалды. Сапробты индексті анықтау түрлердің аздығына байланысты мүмкін болмады. Брекса өзенінің «Шубин көз қайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары» тұстамасынан алынған сынаманың су түбі жәндіктері биоценоздарының құрамынан 14 таксон айқындалды. Олар Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Mollusca, Vermes, Crustaceae түрлері. Биотикалық көрсеткіші 9-ға тең, су сапасы II класқа сәйкес таза сулар. «Риддер қ. шегінде, Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» тұстамасынан су түбі жәндіктерінен Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Crustacea, Arachniidae, Diptera larvae түрлері анықталды, биотикалық индекс мәні 10 құрады, су сапасының I класына сәйкес, өте таза сулар.

2018 жылдың сәуір айында **Тихая өзенінен** алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Қала шегінде; Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар 56,7% құрады. Екінші «қала шегінде; сағадан 8 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 36,7% құрады, өткір уыттылық жоқ. Тихая өз. «Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамадан диатомдылардың 7 түрі айқындалды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,77 тең, су сапасының III класына сәйкес, су орташа ластанған. Ағыс бойымен төмен орналасқан тұстамада түрлердің аздығына байланысты сапробты көрсеткіш мәнін есептеу мүмкін болмады. Тихая өз. «Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Heteroptera қауымдастығынан 12 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 8 құрады, су таза. Ағыс бойымен төмен «Риддер қаласы шегінде, Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасынан Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae қауымдастығынан 9 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 8 құрады, су сапасының II класына сәйкес, таза сулар.

2018 жылдың сәуір айында **Үлбі өзенінен** алынған су сынамалары биотестілеу нәтижесінде ерекшеленді. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» орналасқан тұстамада тірі қалған дафниялар саны 86,7% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар саны 100% құрады. Тишинск кеніші шегінде Үлбі өз. суының сапасын екі тұстамадан алынған сынамалардан перифитон көрсеткіші бойынша түрлердің аздығына байланысты анықтау мүмкін болмады. Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасы су түбі жәндіктерінің 4 таксоны айқындалды: Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae. Биотикалық көрсеткіш 6 құрады, су сапасының III класына сәйкес – орташа ластанған сулар. Ағыс бойымен төмен «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңы» тұстамасынан алынған макрозообентостың даму деңгейі су сапасының III класына сәйкес – орташа ластанған сулар. Бұл жерден Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae дернәсілдері ауланды.

2018ж. сәуір айында Өскемен қ. шегіндегі **Үлбі өз.** алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. Барлық үш тұстамада да өлген дафниялар 6,7% құрады. 2018 жылдың сәуір айында **Үлбі өз.** алынған су сынамалары Өскемен қ. шегінде, «шартты көрініс» тұстамасында 7 түр диатомды балдырлар және 1 түр көк – жасыл балдырлар кездесу жиілігі 1-5 аралығында кездесті. Апробты индекс мәні 1,67-ге тең, сапа III класс болды. «Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзенінің сол жақ жағалауында сынамада 1 түр диатомды балдыр анықталды сапробты көрсеткіш анықтау мүмкін болмады. Осы тұстаманың оң жақ жағалауынан алынған сынамада 9 түр диатомды және көк-жасыл балдыр анықталды. Сапробты индекс 1,88-ге тең сәйкесінше сапа III класс болды. Үлбі өз. Каменный Карьер кенті шегіндегі «шартты көрініс» тұстамасынан алынған сынамадан судың сапасы I класына сәйкес, қте таза сулар. Биотикалық индекс мәні 10 құрады. Макрозообентос құрамынан Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Crustacea, Arachniidae, Diptera larvae, Odonata қауымдастықтарының 16 таксоны айқындалды. «Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары» сол жақ жаға тұстамасынан алынған сынамадан су сапасы IV класпен бағаланды, ластанған сулар. Сынамада 1 түр Diptera larvae болды. Биотикалық индекс мәні 1ге тең. Оң жақ тұстамадан жақсы көрсеткіш алынған сынамада сапа II класқа сәйкес – таза сулар. Су түбі жәндіктері қауымдастығынан Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Diptera larvae, Heteroptera дернәсілдері анықталды.

